

Ұлытау – қазақтың хандары мен билерінің, әулиелердің, батырлардың ордасы болған киелі дала. Және қазақтың XIV-XVIII ғасыр аралығында VIII жүздің басын қосқан қасиетті мекен. Қазақтың VIII биінің – қаз дауысты Қазыбек би, Төле би, Әйтеке бидің Ұлытауда бас қосып, қазақтың бірлігін, рухын шақырған жер ешқашан тегін болмайды. “Енді неге “Ақ Орда” (хан ордасы) деп аталған мекенге үкімет ескерткіш қоймайды? Оған Жезқазған жеріндегі Қазақмыс корпорация комбинатының шамасы жетеді ғой” деген ой еріксіз мазалайды. Және Ұлытау ауданының орталығын дұрыстау қажет, ол үшін көрнекті үйлер салып, көшесін реттеп, Хан ордасы аталған жерге монумент-ескерткіш орнатып, туристік мекемелер ашып, көлік қатынасын жөндеу қажет. Келешекте Ұлытау өлкесі Қазақстандағы қасиетті Түркістан жеріндегі аты шығып, халық мұрасына айналады деп ойлаймыз.

Откен ғасырларға қоз салсақ, “Ақ Орданың” билеушісі Орыс ханның, Барак ханның, Алтын Орда би-леушілері Едіге мен Токтамыстың, Әмір Темірдің, Керей мен Жәнібек, Қасым хан мен Тәуке, Абылай, Кенесары хандардың, Богенбай, Кабанбай, Қарасай, Таныбай батыр, Шакшақ-Жәнібек, Райымбек және тағы да басқа VIII бабаларымыздың Ұлытауда болып, ел қамын ойластырғаны – тарихи дәлел. Хан ордасына салынған ескерткішке Жәнібектің, Қасым ханның, Керей хан, (1426-1515жж), Тәуке хан (1586), Хакназар хан (1538), Есім хан (1598), Салқам Жәңгір хан (1652), Тәуекел хан (1680-1718жж), Абылай хан, Кенесары, Ағыбай батыр мен VIII жүздің әйгілі билері – Төле би, қаз дауысты Қазыбек би, Әйтеке бидің аттары жазылуы тиіс.

Қазақ халқының бірінші хандығын құрған Әз Жәнібек болса, оның VIII Қасым хан (1445-1518ж.ж.) жалғастырып, қазақ хандығын XV ғасырдың басында сақтап қалу және дамытуда ерен еңбегі көп болған. Қасым хан сол уақытта Дешті қыпшаққа билік жүргізген, міне, сол кезде Ұлытауды мекендеген. Осы қазақ халқының ежелден сақталып келе жатқан тарихи жағынан маңызы зор Ұлытау қасиетті Түркістандай халық мұрасына айналса екен...

Кенес Жалмұханбетов, .

Жоғарғы Соттын отставкадағы судьясы,

Қарағанды облысы. .